

Литература:

1. Леонтьев А.А. Место интенсивных методов в обучении иностранным языкам. - М., 1977.
2. Моргун В.Ф. Мотивация личности в учебной деятельности. - М., 1982.
3. Ватютнев М.Н. Теория учебника русского языка как иностранного. - М., 1987.
4. Леонтьев А.Н. Потребности, мотивы и сознание. - М., 1986.
5. Виншалек А., Леонтьев А.А., Степанова Л.В. Научные основы принципа активной коммуникативности. - М., 1992.
6. Китайгородская Г.А. Научно-методическое пособие для преподавателей. - М., 1989.
7. Шляхов В.И. Индивидуализация обучения и

проблемы создания самоучителя русского языка. - М., 1990.

8. Амонашвили Ш.А. Воспитательная и образовательная функция оценки учения школьников. - М., 1994.

* * *

Мақалада оқу үдерісіндегі мотивация мен бағытталған коммуникативтік жүйені зерттеу мәселелері қарастырылады. Бұл зерттеу орыс тілін үйретудегі максималды әсер ететін қажетті факторлар минимумын бекітуге көмектеседі. Бұл минимум әр түрлі мотивациялар мен оқытудың нақты мақсаттары мен жағдайларына байланысты.

* * *

It's discussed in the article the questions about the system of studying in communicative factors and motivation in the academic process. This research helps to instell necessary universal factors for maximum affect in teaching the nession language, it dependson proper purposes and condition as well as different kinds of motivations.

Кәсіби-бағдарлы қазақ тілін мамандыққа сәйкес оқытуБ. Қасым¹, Б. Ә.Тұлкиева²Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ¹ф.ғ.к., доцент, ²ф.ғ.к., аға оқытушы, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада кәсіби сөйлеуді оқытудың әдістері мен мәдени және тілдік тұлғаның қалыптасу әдістері қарастырылған.

Елімізде заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағыттталып, білім алушының, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, қазақ тілінің білім мазмұнын құрудың әдіснамасын дұрыс таңдап алу қажеттілігі туындайды. Отандық және халықаралық еңбек нарығын сай бәсекеге қабілетті ғылыми білікті кәсіби мамандар даярлау. Білім алушыны интеллектуалдық тұрғыда дамыту, **қазақ тілін мамандыққа сәйкес** оқыту әдістемесі саласы бойынша құзіретті мамандарды тәрбиелеу. Ол үшін қазіргі заман талабына сай қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгертуде озық технологияларды, тиімді. ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі. сатылы, деңгейлік жұмыстар атқару – білім беру саласында ең маңызды мәселелердің бірі.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның ғылымда, өндірісте, әлеуметтік-қоғамдық қызметінде, елдің халықаралық байланыстарында қолдану аясының кеңі түсуі тіл үйренушілердің болашақ мамандығымен, кәсібімен де байланысты екендігін көрсетеді. ЖОО бітірген жас маман – келешек кәсіпкер. Оның білікті маман болуы тілді жоғары деңгейде білуімен терең сабақтасады. Тілдік білімді студенттің саналы әрекетін дамытатын, өмірлік қажеттілігіне жаратын тетікке айналдыру – біріншіден, өзіндік көзқарас, дүниетаным мен сенім қалыптастыратын, екіншіден, кәсіпке бейімделу, жаңа кәсіби мамандық саласына қатысты мәселелерді түсіну, қабылдау, тілдік қарым-қатынас жасай алу қабілеттерін дамыту бүгінгі күн талабынан туындайды. Бұл мемлекеттік тіл – қазақ тілі пәнін оқытуда студенттің кәсіби лекси-

касы мен терминдік қорын қалыптастыруға ба-сымдылық беруді талап етеді. Заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасады.

Соңғы жылдары әдіскер-ғалымдар қазақ тілін коммуникативтік құрал ретінде меңгертумен қатар, студенттердің кәсіптік мамандығын ескере отырып, қазақ тілін игертуді жаңа технологиялармен меңгертудің тиімді әдістерін ұсынуда.

Тілді кәсіби тілді мамандыққа қатысты оқытудың тиімді жолдары:

- Білім алушы, тіл үйренушілер қазақ тілін кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана алуы;

- кәсібіне байланысты лексикалық сөздік қорды кәсібіне қарай тәжірибеде пайдаланып, өз мамандығына қатысты ой-пікірлерін нақты, анық жеткізу дағдысының қалыптасуы;

- қазақ тілінің танымдық қызметінің маңызы арта түсуі;

- қазақ халқының рухани және тарихи-мәдени байлығын тіл арқылы таныту негізінде білім алушы тіл үйренушілер ұлттың тарихымен, мәдениетімен, әдебиетімен, халықтың салт-дәстүрімен танысуы, білімдерін молайтуы;

- күнделікті қызмет бабында ресми-іскери сөйлесуге тән тілдік бірліктерді, терминдерді меңгеріп, мамандыққа қатысты ісқағаздарды жазуды үйренуі;

- болашақ маманның интеллектуалды тұлға ретінде қалыптасуына, өсуіне және дамуына, өз мамандығын мақсатты меңгеруіне мүмкіндік тууы.

Осы тұрғыдан мамандыққа сай қазақ тілін сапалы оқыту – қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Соңғы жылдары қазақ тілін мамандыққа сәйкестендіріп қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесіне байланысты ғылыми зерттеулер қатар, жаңа технологияға негізделген оқыту әдістемесіне оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді.

Қазақ тілін мамандыққа сай оқытудың басты ерекшеліктерін анықтауда, тиімді әдістемесін ұсынуда профессор Ф.Ш. Оразбаеваның еңбегінде сөйлесім әрекетінің түрлерін – *оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім* бөлімдерінде тілді меңгертудің бірден-бір жолдарын көрсетеді [1]. Басты мақсат кәсіби мамандардың қазақ тілін білуі коммуникативтік біліктілікті меңгеруімен байланысты. Ол білім алушының тілдік тұлғасын қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Ол сөйлеу әрекетінің түрлерін жаңа технологиялық әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асады.

Қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан үйретуде сөйлесім әрекеті мен оның түрлерін меңгерту студенттерге қазақ тілін *жазылым* әрекеті арқылы үйрету әдістемесінің маңызы зор, себебі, сауатты жазу, сауатты түрде өз ойын жеткізу, ісқағаздарын сауатты жүргізу айналып келгенде осының бәрі жазылым әрекетін меңгерумен ұштасады. Жазылым әрекетін студенттерге меңгертудің тиімді жолдары:

- көшіру жазылымы;
- жатқа жазу жазылымы;
- көркемдік жазылым;
- танымдық жазылым [2].

Тілді мамандыққа сай үйретуге арналған әдістемелік оқулықтар мен оқу құралдары жарық көре бастады. Бұл оқулықтар студенттердің ғылыми тілді, мамандыққа қатысты кәсіби тілді, ресми-іскерлік тілін жеткілікті түрде меңгеруіне ықпал етуде.

Мамандыққа қатысты мәтіндерді іріктеу ұстанымдары дұрыс сөйлеуді жетілдіруге қызмет ету үшін:

- мазмұндық және тақырыптық тартымдылығымен ерекшеленуі;

- тіл үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне ынталандырылу, қызығушылығын туғызу;

- қатысымдық қасиеті басым болуы;

- мамандыққа байланысты ғылыми және кәсіби мәтіндер студенттерде қажеттілік сезімі туындайды. Тілді оқытуда мәтіннің

қатысым әрекетіндегі маңыздылығына сәйкес іріктеуде, таңдаудағы негізгі ұстанымдар:

- мәтін мазмұны аяқталған, белгілі бір логикалық жүйеге бағынуы;
- мәтін тақырыбы күнделікті өмір талабына және кәсібіне сай, танымдық сапасы жоғары, тәрбиелік мәнінің зор болуы;
- мәтін мазмұны өзгетілді студенттердің түсінісуіне ыңғайлы, тілді білу деңгейлеріне сәйкес болуы;
- мәтінді іріктеп, таңдауда фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктердің ескерілуі;
- мәтіннің мамандыққа жақын танымдық қызығушылықты арттыруы;
- мәтін мазмұнының мамандыққа сәйкес нақты, қызықты болуы.

Мәтін тақырыбын таңдауда:

- болашақ мамандығына байланысты болуы. өз мамандығы бойынша сұрақтарға жауап бере білу, осы тақырып төңірегінде ойын айта білу дағдыларын меңгерту;
- кәсіби бағыттағы қарым-қатынастық мәтіндерді аудармасыз түсінуге ұмтылу;
- студенттердің сөздік қорын молайтуда терминологиялық, түсіндірме және кәсіби сөздіктерді пайдалана білу.

Кәсіби тілде қарым-қатынас жасау *сөйлесім әрекетінің барлық түрлері тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім әрекеттерінің* негізінде жүзеге асырылады. Кәсіби бағытта берілген мәтіндер тапсырмалар арқылы бекітіліп, түрлі жаттығулар, сөйлесу жағдаяттары жасалынады. Білім алушыға мәтін мазмұны кәсіби білімге негізделіп, ол түсінуіне, қабылдануына қиындық туғызбауы тиіс, себебі, ол сол мәтіндегі *лексикалық минимуммен (сөз, сөз тіркестері, терминдер, афоризмдер, мақал-мәтелдер)* тікелей байланысты.

Қазақ тілін кәсіби бағдарлы мамандыққа байланысты оқыту әдістемесі мына *ұстанымдарға* негізделуі:

- тілді қатысымдық бағытта үйретудің лингвистикалық негізі сөйлесім әрекеті және оның түрлерінің қамтылуы;
- тілдік тұлғаның қатысымдық құзыреттілігінің дамытылуы;

- кәсіби тілдік қатысымды меңгертуде тіл үйренушінің тілдесім-сөйлеу тілін кәсіби қарым-қатынас тілі ретінде дамыту;

- Лексикалық, терминологиялық минимумды танымдық-бағдарлы және грамматикалық минимумды мамандыққа сай мәтіндер мен тапсырмалар арқылы оқыту.

Кәсіби қазақ тілін оқыту әдістемесі теориялық білім берумен қатар болашақ мамандыққа баулиды. Білікті маман дайындау, білім беру – қоғам дамуының негізгі жолы. Осыған орай қазақ тілінен берілетін базалық білім таңдалады. Қажетті базалық білімде ерекше орынды жоспарлау мәселесі алады, себебі бүгінгі студент ертеңгі маман, іскерлік қарым-қатынас жағдайында жол таба білуге үйрету маңызды болып саналады. Бүгінде оқытудың барлық түрін кешенді қарастыру, оларды бір-бірімен байланыстыру мақсаты басым. Бүгінгі күн талабы – маманның кәсіби бағыттылығын, іскерлігін қалыптастыру. Сондықтан кәсіби бағдарлы білім беруде қамтылатын білім мазмұны, соның ішінде тақырыптар ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделуі тиіс [3].

Жаңа заманның талаптарына орай, интеллектуалдық қабілеті мол мамандарды даярлау міндеті бүгінгі білім жүйесінің басты да негізгі мақсаты екені даусыз. Осы мақсатты іске асыруда студенттерге іскерлік қарым-қатынасты дұрыс оқыту қажеттігі күннен-күнге айқын сезілуде. Бұл айтылған ұстанымдар мен тәсілдер қазақ тілін кәсіби бағдарлы мамандыққа байланысты оқытудың өзіндік ерекшеліктері, заңдылықтары, оны меңгертудің әдіс-тәсілдері кәсіби бағдарлы қатысымда атқаратын маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. – Алматы, 2005. – 208 б.
2. Абдразахова Ф.Ж. Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі (жоғары оқу орындарының филология факультетіне арналған): пед.ғыл.канд. ... авторефераты. – Алматы, 2003. – 29 б.

3. Қасым Б., Омарова А., Бейсенбекова Г.
Кәсіби қазақ тілі. Оқу құралы. –
Алматы, 2012. – 220 б.

* * *

В данной статье рассматриваются некоторые методы обучения профессиональной речи и методы формирования языковой и культурной личности.

Организация групповой работы при изучении текстового материала

Г. А. Бедусенко

к.ф.н, доцент ТарГПИ, Тараз, Казахстан

Аннотация. В статье отмечается, что продуктивному выполнению группами предложенных им учебных заданий способствует предварительное распределение между участниками типов коммуникативных действий. Автор предлагает универсальный алгоритм учебных действий группы в ходе работы над совместным заданием, выполнение которого реализуется посредством речевой коммуникации.

Групповая работа обеспечивает эффективность занятий в форме учебного сотрудничества, повышает коммуникативную культуру личности.

Качественную подготовку специалистов разных профилей необходимо осуществлять на коммуникативной основе, поскольку ритм современной жизни требует от человека, занимающегося профессиональной деятельностью, способности решать сложные коммуникативные задачи: вести обмен информацией, продуктивно работать в команде, корректно оппонировать, вырабатывать общую позицию, совместно принимать решения. Развитию этих важных умений способствует моделирование на занятиях ситуации учебного сотрудничества, которое наиболее эффективно достигается в процессе групповой работы.

Основной смысл групповой работы состоит в продуцировании коллективного мышления в ходе выполнения общей учебной задачи. Успешность занятий в форме учебного сотрудничества определяется целым рядом факторов:

- психологическими особенностями участников команды и степенью владения ими правилами работы в группе;
- наличием осознанной творческой взаимозависимости между членами коллектива;
- тщательностью отбора учебного материала, на основе которого будет организована познавательная деятельность групп;
- качеством организации группового занятия.

Продуктивному выполнению группами предложенных им учебных заданий способствует предварительное *распределение* между участниками типов коммуникативных действий (2,62), или *ролей*, например: фасилитатор (организует работу в группе, находит средства для

стимулирования пребывания в коммуникации всех участников), докладчик (представляет работу группы), регистратор (записывает мнения, предложения, гипотезы участников), хронометрист (следит за временем, отведенным для выполнения задания). «Наделение членов группы... ролями, исполнение которых требует тесного взаимодействия между обучающимися, способствует приобретению ими социальных навыков и чувства взаимозависимости» (1, 88), а также положительному самоопределению каждого обучающегося как к учебной деятельности, так и к типам коммуникативных действий.

Предлагаем универсальный *алгоритм* учебных действий группы в ходе работы над совместным заданием, выполнение которого реализуется посредством речевой коммуникации:

- выдвижение каждым участником группы своих идей, гипотез, версий с попутным фиксированием их на рабочем листе,
- обсуждение предложенных идей и выработка группового решения,
- создание «продукта» работы, который может быть представлен как в словесной (в виде развернутого суждения по исследуемой проблеме), так и в словесно-визуальной форме (в виде схемы, коллажа, таблицы с попутным устным комментарием),
- отчет о результатах работы и представление «продукта» перед другими группами.

В процессе общения при выполнении совместной учебной задачи члены группы учатся выбирать языковые средства в зависимости от